



## БҰЙРЫҚ

*10 маусым 2023 ж.*

Балқаш қаласы

## ПРИКАЗ

№ *39*

город Балхаш

### Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 2-бөлімі 7 тарауының 37,41,42-баптарына, ҚРДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы 76 бұйрығы, ҚРДСМ м.а. 2022 жылғы 10 тамыздағы «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы №78 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «Абай атындағы №2 мектеп-лицейі» КММ жанынан «Балауса» жазғы сауықтыру лагері І ауысымы 2023 жылғы 05 – 16 маусым аралығында, ІІ ауысымы 19 – 30 маусым аралығында ашылып, 0-4 сыныптың оқушылары қамтылсын.

2. Лицей жанындағы «Балауса» жазғы сауықтыру лагерінің І-ІІ маусымында жұмыс істеуге педагогикалық қызметкерлер 1-қосымшаға сай тағайындалсын.

3. Лагердің ішкі тәртіп ережесі 2-қосымшаға сай, лауазымдық нұсқаулықтары 3-қосымшаға сай бекітілсін.

4. Лагердің ішкі тәртіп ережесін, бұйрықтар мен жарлықтар шығару, әрбір маусымда жұмыс істейтін қызметкерлердің атқаратын міндеттерін дайындау, лауазымдық нұсқаулықтарымен таныстыру лагерь төрайымы М.О. Жунусоваға жүктелсін.

5. Лагерь қызметкерлерімен балаларды жарақаттанудан сақтау және сәтсіз оқиғалардың алдын-алу жұмыстары жөнінде нұсқаулық өткізіп журналға тіркеу лагерь төрайымы М.О. Жунусоваға тапсырылсын.

6. Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар, Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулылары басшылыққа алынсын;

7. Жеке гигиенаны сақтау жағдайлары, балалар мен жасөспірімдер жарақаттарының алдын алу шараларына, сауықтыру демалысы кезінде суда балалардың денсаулықтары мен өмір қауіпсіздігі, жорықтар және экскурсияларға шығуды ұйымдастыру кезінде тамақ өнімдерін және ауыз су режимін ұйымдастыруға жеке жауапкершілігі лагерь төрайымы М.О.Жунусоваға жүктелсін.

8. Балаларды төрт мезгілдік ыстық тамақпен қамтамасыз ету арендатор А.Азимбаеваға жүктелсін (келісім бойынша).

9. Тамақтандырудың ұйымдастырылуына, дайын тағамды дәрумендеуге және тамақтан уланулардың алдын алуын қадағалау мектеп-лицей медбикесі Б.Т.Акчулаковаға жүктелсін.

10. Жоғары және бірінші сұрыпты байытылған ұнды, йодталған тұздың пайдаланылуын қадағалау мектеп-лицей медбикесі Б.Т.Акчулаковаға жүктелсін.

11. Тәрбиелік жұмыстар жүргізуге қажетті орынның тазалығы және санитарлық-гигиеналық талапты күнделікті қадағалау мектеп-лицей медбикесі Б.Т.Акчулаковаға жүктелсін.

12. Балалар мен жасөспірімдерді сауықтыру шараларын және медициналық қызмет көрсетуін мектеп-лицей медбикесі Б.Т.Акчулаковаға жүктелсін.

13. Желдету, ауыз су тұтыну, дезинфекциялау режимдерінің сақталуын бақылау мектеп-лицей медбикесі Б.Т.Акчулаковаға жүктелсін.

14. Оқушылардың күнделікті денсаулығын қадағалау, жорықтарда бірге жүру мектеп-лицей медбикесі Б.Т.Акчулаковаға жүктелсін (келісім бойынша).

15. Өндірістік бақылаудың жүргізілуін ДШЖО А.С.Галлямова қамтамасыз етілсін.

16. Өрт қауіпсіздігін, еңбек қауіпсіздігін, санитарлық тазалықты қамтамасыз ету жауапкершілігі ДШЖО А.С.Галлямова жүктелсін.

17. Оқушылардың лагерьде болған мерзімінде денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі, өрт және техника қауіпсіздігі, суда жүзу, су қоймаларында жүзу қауіпсіздігі, спорттық тәрбиелік іс-шаралар кезіндегі қауіпсіздіктерін сақтау жауапкершілігі лагерь төрайымы М.О.Жунусоваға, аға тәрбиеші С.С.Шаймерденова, аға тәлімгері – А.Т.Бакимова, топ тәрбиешілері – Г.М.Балгабаева, А.С.Ежебаева, Ә.Д.Жүнісбек, М.Қ.Махабаева, С.М.Қамит, Н.Ж.Даниярова, А.М.Данагулова, А.Т.Тукбаева, дене шынықтыру нұсқаушысы – З.Ә.Ахмет, музыка жетекшісі – А.А.Жумагулов, медицина қызметкері Б.Т. Акчулаковаға жүктелсін.

18. Күнделікті лицей жанындағы балалардың лагерьге келуін және қайтуын арнаулы журналға белгіленуі тәрбиешілерге жүктелсін.

19. Осы бұйрықтың орындалысын бақылауға ДТЖЖО Ә.М.Өмірханға жүктелсін.

Директор



К.Т.Рахимберлина

Орындаған: А.Р.Қауазханова  
8 (71036)4 - 10 - 17